

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX Astana Economic Forum

**PART I**

25 May 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент  
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978-9965-31-762-0**

**ISBN 978-9965-31-762-0**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

4. Учитель Ю. Г., Учитель М. Ю. SWOT- анализ и синтез - основа формирования стратегии организации / Всероссийск. заоч. фин.-экон. ин-т. Барнаульс. фил., Агропром. группа "Алтайские закрома" . – 2-е изд., существенно перераб. и доп. – М. : Эдиториал УРСС, 2010. – 328 с

5. Программы лояльности отелей: Marriott, Carlson, Hilton [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://www.cossa.ru/articles/155/97819/>

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОЙЫН–САУЫҚ БИЗНЕСІ: ТУРИЗМ САЛАСЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ, ДАМУ ЖАҒДАЙЫ**

***Женсхан Д., Есенбаева А.Е.***

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: [azan\\_tanat@mail.ru](mailto:azan_tanat@mail.ru)

Дүниежүзілік туристік ұйымның болжамы бойынша Қазақстан Республикасы туризмді дамыту үшін тұрақты әрі болашағы бар елдер қатарына жатады. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, ландшафтарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Сондықтан да Қазақстан үшін туризм мемлекеттің экономикалық, әлуметтік-мәдени дамуында басты сала ретінде қарастырылады. Дегенмен, туризм дамуындағы әлемдік үрдістер мен Қазақстандағы туризмнің даму жағдайы арасындағы алшақтық - шынайы резервтер мен потенциалды мүмкіндіктер болған жағдайда ұйымдастырушылық-экономикалық сипаттағы проблемалар кешенін шешуді талап етеді. Ондай проблемалардың қатарына ойын-сауық бизнесінде көрсетілетін қызметтердің төмен деңгейі, көрсетілетін қызметтер сапасының баға деңгейіне сай келмеуі, қызметкерлер біліктілігінің төмендігі, т.б. жатады. Ойын-сауық туризмнің ажырамас бөлігі [1]. Туризмнің дамуымен қатар ойын-сауық түрлері де дамып отырды. Осыған сәйкес ойын – сауық индустриясының даму тарихын зерттеудің бірнеше себептері бар: біріншіден, бұрынғы қателіктерді қайталамау; екіншіден, адамның шығармашылық табиғатын зерттеу; үшіншіден, қазіргі таңғы қоғамның даму тарихын зерттеу. Сол себепті ойын – сауықтың тарихи дамуында оның әрдайым өзгеріп отыратындығын қасиеттерін ескерудің маңызы зор. Атап айтқанда, крестік жорықтар, революциялар кезінде олар біртіндеп баяулай бастады, бірақ тоқтаған жоқ. Көптеген заң актілері құмар ойындарының өткізілуіне тиым салған, дегенмен адамдардың қалаулары жоғары болғандықтан олар тоқтатылмаған және жылдан – жылға әйгілі бола түскен.

Демек, біз ойын – сауықсыз бірде – бір саяхат өтпейтінін ескерсек, ойын-сауық бизнесіндегі мәселелерді кешенді зерттеу және оны дамытудың тиімді тетіктерін ұсынуды өте маңызды деп есептейміз. Себебі Ойын–сауық индустриясы - кез-келген елдің экономикасының және туризмнің қуатты сегменті болып саналады.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңының (2015 жылдың 16 қарашадағы № 406-V өзгертулер мен толықтырулар негізінде) 4-бабына сәйкес ойын-сауық – туристік индустриядағы қызмет көрсету түрлерінің біріне жатады. Сонымен қатар, осы заңның негізгі ережелерінде ойын-сауық оқиғалы туризмнің ерекше маңызды құраушы элементі ретінде көрсетілген [2].

Ойын – сауық демалысын өткізу бұл тек қажеттіліктерін қанағаттандырып, көңіл – көтеру ғана емес, жылдан – жылға өсіп келе жатқан, миллиардтаған айналымы бар әлемдік индустрия болып табылады. Ойын – сауық қоғамның жағдайына тікелей әсер ететін адамның күнделікті өміріндегі маңызды сфераның бірі. Оған деген қажеттілік адамның бірінші қажеттіліктерін қанағаттандырғаннан кейін пайда болады.

Ойын – сауық демалысын өткізудің кәсіби қызметіне адамдардың қажеттіліктерін көңіл – көтере отырып қанағаттандыратын кәсіпорындар қызметтерін жатқызамыз. Ондай кәсіпорындарға қызметі ойын – сауықпен сипатталатын - цирк, аттракциондар, ойын

залдары, демалыс саябақтары, кинотеатрлар және т.б. жатады. Әр түрлі кинотеатрлар, театрлар, концерт залдары да ойын – сауыққа жатады. Дене шынықтыруға жататын қызметтерді де ойын - сауыққа жатқызуға болады: клубтар, спорт залдары және т.б. Сонымен қатар, мәдени құндылықтарды да – кітапхана, мұражай, көрмелерді де ойын – сауықпен байланыстыруға болады.

Ойын-сауық бизнесінің ең басты нысандарына әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету мекемелерін жатқызуға болады. Өркениеттің артуы және жаңа технологиялардың дамуы адамның бос уақытының көбірек болуын қамтамасыз етеді. Өзінің бос уақытының бір бөлігін ойын – сауықпен толықтыра отырып адам өзін еңбек бірлігі ретінде қалыптастырады. Осыған сәйкес әлеуметтік-мәдени ортаның дамуы да байқалады. Ойын – сауық қызметін көрсететін, әрі адамдардың қажеттіліктерін көңіл – көтере отырып, бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беретін кәсіпорындар саны жылдан-жылға арта түсуде. Ойын – сауық қызметін көрсететін мекемелер тек аттракциондар, цирк, казинолармен ғана шектелмей бағыттары бойынша бөлініп кетті. Атап айтқанда: дене шынықтыруға жататын қызметтерді көрсететін: клубтар, спорт залдары және т.б.; мәдени құндылықтар бойынша қызмет көрсететін: кітапхана, мұражай, көрмелерді де ойын – сауықпен байланыстыруға болады. Әлем бойынша менеджерлер ойын-сауық түрлерінің кең ауқымын ескере отырып, оны бағыттары бойынша топтарға жіктеген (кесте 1).

### Кесте 1

Әлеуметтік мәдени ортадағы ойын-сауық және демалыс түрлерінің классификациясы

<b>Әлеуметтік мәдени ортадағы ойын-сауық және демалыс түрлерінің классификациясы</b>	
<i>классификациясы</i>	<i>қызмет бағыттары</i>
Әуесқой шұғылдану	аңшылық, балық аулау, саңырау құлақ пен жеміс жидек жинау
Интеллектуалдық іс-әрекеттер және	көркем әдебиет, газет, журналдарды оқу, теледидар көру
Физикалық ауырлықпен байланысты іс-әрекет	серуендеу, спортпен шұғылдану
Өнер әлеміне бейімделу және шығармашылық	театрға, концертке, мұражайға сапарға бару, көркем өнер, ағашты зерделеу
Белсенділік және еркін тақырып	әңгімелесу,сухбаттасу, өз таңдауына байланысты сөз табысу, ойнау, билеу
Ақпарат көзі: [3] негізінде авторлармен құрастырылған	

Мәдени ортадағы жаңа құбылыстарға ұйымдастырылған туризмді, экскурсиялық қызметті, жаңа шоу – бағдарламаларды, ойын залдарын, модель агенттіктерін, жарнама өнерін жатқызуға болады. Уақыт талабына сай қызмет ету қазіргі заманның үрдісін талап етеді (кесте 2).

### Кесте 2

Әлеуметтік-мәдени орта классификациясы

<b>Әлеуметтік-мәдени орта</b>	
<i>классификациясы</i>	<i>қызмет көрсету бағыты</i>
Мәдени-танымдық мекемелер	клубтар; кітапханалар, кітап сату мекемелері, газет, журналдар редакциялары, мұражайлар, саябақтар және т.б.
Көрме залдары	көрме ғимарат-тары; жәрмеңкелер
Театрлық-көрме залдары	театрлар, концерт залдары, цирк, шығармашылық мектептері
Кино жүйесі	Кинотеатрлар, видеотекалар
Ақпарат көзі: [3] негізінде авторлармен құрастырылған	

Ойын-сауықтың дамуы мен классификациялануы бойынша келтірілген деректерді ескере отырып, ойын-сауық индустриясы бұл- адам немесе адамдар тобына олардың көңіл

көтере отырып, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруы бойынша қызмет көрсететін туризм саласының ең маңызды нысандарын қамтитын индустрия деп есептейміз. Себебі әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, ойын–сауық индустриясы - кез-келген елдің экономикасындағы қуатты сегмент болып саналады. Бұл саладан түсетін табыс өте үлкен. Демалыста адамдар үнемдеуге тырысады. Кино, мейрамхана, саябақтар мен тағы да басқа жерлерге баруы үшін жыл сайын шамамен 2 триллион доллар жұмсайды екен. Сарапшылар бұл шығындар жылына 100 миллиардқа жуық жоғарылап отыратынын айтады. Сонымен қатар адамдардың көпшілігі белсенді демалуға, оның ішінде велосипед тебуге уақыттарыңжиі бөледі. Оған дүниежүзі бойынша жүз мыңдаған адамдар қатысатын, веложорықтарды жиі ұйымдастыру дәлел.

Қоғам дамуына сәйкес, адам қажеттіліктерінің артуы ойын –сауық индустриясының да шексіз дамитынын анықтап отыр. Басым жағдайда ойын-сауық индустриясының дамуына әсер ететін факторларға келесілерді жатқызуға болады: білім, тәрбие, демалыс, жақсы көңіл көтеру, адамды мәдени тұрғыдан дамыту болып табылады.

Қазіргі кездегі ғалымдардың айтуынша адамдар өздерінің және өз ұрпақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру, денсаулығын сақтау, киіну мен тамақтанудан басқа, ойын сауыққа да, яғни көңіл – көтеруге де үлкен көңіл бөледі. Оған дәлел ретінде археологиялық қазбалар кезінде табылған әртүрлі ойын және жарыс жоспарлары болып табылады. Римдіктер, гректер бізге мәдени ғана емес, әлеуметтік – мәдени жоспардағы үлкен байлық қалдырды [3]. Біз оларды осы күндерде де қолданудамыз.

Соңғы жылдары Қазақстан қалаларының көбінде ойын-сауық кешендері көптеп салынуда. Республикамызда дәстүрлі түрдегі ойын – сауық түрлерімен қатар, ойын залдары, үлкен-үлкен ойын-сауық кешендері, интернет арқылы көңіл көтеру, жекеменшік көркем өнер галереялары, көрме залдары секілді ойын – сауықтың жаңа түрлері де дами түсуде. Сонымен қатар, бір кездері заңмен шектелген ойын – сауық бизнесінің кейбір түрлері (казино, ойын автоматтарының жүйесі және басқалары) қазіргі таңда заңдастырылып, мемлекеттік бюджетке қомақты көлемде табыстар әкелуде. Әсіресе Астана және Алматы қалалары осы тенденцияны көрсететін ең перспективалы дамып келе жатқан өңір болып табылады. Іскерлік белсенділіктің дамуы, туристер ағымының көбеюі, белсенді демалысқа деген қажеттілік қала қонақтарына және өңірдегі халыққа қазіргі заманға сай қызмет көрсететін әр түрлі класстағы ойын-сауық орталықтарының ашылуын талап етеді [3].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Ойын бизнесі туралы» № 219 Заңына сәйкес (24.04.2015 № 310-V өзгертулер негізінде) «ойын бизнесі - құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге байланысты кәсіпкерлік қызмет» [3] деп көрсетілген. Осы заңның 6-бабы аясында Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласында келесідей қызмет түрлері жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметтің мынадай түрлері жүзеге асырылады: казино; ойын автоматтары залы; букмекер кеңсесі; тотализатор.

Қазақстан Республикасының аумағында:

1) осы баптың 1-тармағында көзделмеген ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыруға;

2) электрондық казино және интернет-казино қызметіне;

3) өзге мүлік түрінде ұтыс беруге жол берілетін казино қызметін қоспағанда, ақшадан басқа өзге мүлік түрінде мөлшерлемелер қабылдауды және (немесе) ұтыс беруді көздейтін құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге;


4) осы Заңның 11-бабының 1-тармағында көзделген орындарды қоспағанда, ойын жабдығын кәсіпкерлік мақсатта орнатуға және пайдалануға;

5) ойын мекемелерінен (тотализаторлардың немесе букмекер кеңселерінің қассаларынан) тыс жерлерде бәс тігуге, мөлшерлемелерді қабылдауға (есепке алуға), ұтыс төлеуге;

б) тотализатор немесе букмекер кеңсесі қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар болып табылмайтын тұлғалардың бәс тігуіне, мөлшерлемелерді қабылдауына (есепке алуына), ұтыс төлеуіне тыйым салынады [2].

Қазақстан халықының соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына және сатып алу қабілетінің артуына сәкес, туризмдегі ойын-сауық және демалу қызметтеріне сұраныста неғұрлым өсіп отыр. Нарықтық талаптарға сәйкес, өнім мен қызмет түрлерінің қандай түріне сұраныс жоғары болса, сол саланың бәсекеге қабілеттілігі мен қаржылық тартымдылығы да ара түседі. Осыған орай, соңғы жылдардағы ойын-сауық және демалыс түрлеріне сұраныстың артып отырғанын байқаймыз (сурет 1).

1-суретте 2003-2014 жылдар аралығындағы пайдалану бағыты бойынша жалпы инвестициялар ішіндегі туризм саласының екі бағыты: тұру және тамақтану бойынша қызметтер мен өнер, ойын-сауық және демалыс қызметтеріне бағытталған инвестициялардың көлемі көрсетілген. Онда өндірістік инфрақұрылымдарға жұмсалған инвестиция әлеуметтік инфрақұрылым салаларына қарағанда көбірек [4].



Сурет -1 Туризм саласы бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. тг.

2014 жылғы деректер бойынша пайдалану бағыты бойынша жалпы инвестициялардың туризм саласына салынған инвестициялар тек 2,47% құрайды. Оның ішінде тұру және тамақтану бойынша қызметтер – 0,75%; ал өнер, ойын-сауық және демалыс қызметтері - 1,72% құрады. 2007 жылдан кейінгі кезеңдерде өнер, тұру және тамақтану бойынша қызметтерге қарағанда ойын-сауық және демалыс бағытында жұмсалған инвестициялардың ерекше қарқынмен өскенін көреміз. Демек, Қазақстанда туризм саласының ішінде өнер, ойын-сауық және демалыс қызметтерінің болашағы зор екендігін атап өтуге болады. Сонымен қатар, ойын-сауық бағыттарының кейбір түрлері бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі бойынша да талдау жасауға болады (кесте 3).

Еліміздегі демалыспен ойын – сауықты, мәдениет пен спортты ұйымдастыру бойынша қызметтің қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерін талдауын қарастырсақ барлық көрсеткіштер бойынша өскен. Ойын-сауықты дамытуға арналған ешқандай қаржы жеке есептелмеген. Барлық көрсеткіш бойынша өсім байқалады, тек өнімдерді 3- кестеде 2009-2015 жылдар аралығындағы еліміздегі ойын-сауық бизнесінің ең ірі бағыттары бойынша көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі көрсетілген. 2015 жылды 2009 жылмен салыстырғанда шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызметтері көлемінің 1,5 есеге; кітапханалар, мұрағаттар, мұражайлар және өзге де мәдени мекемелердің қызметтері көлемінің 0,9 есеге; спорт қызметтері және демалысты ұйымдастыру бойынша қызметтер көлемінің 1,6 есеге артқан. Ал құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көлемінің 7 еседен артуы ерекше жағдай екендігін атап өткен дұрыс. Негізінен, Қазақстанның заңгер мамандардың зерттеулері бойынша, 2008-2013 жылдар аралығында ойын бизнесінен алынған салықтан бюджетке 19,4 млрд теңге қаржы түскен. Қазақстанда ойынхана мен ойын автоматтары нарығының табысы жылына шамамен 810 млн. АҚШ долларын құраған. Ал қолданыстағы букмекер кеңселері мен

тотализаторлардың ең төменгі айналымы жылына 30 млрд. теңгеге жетеді [5]. Демек, ойын-сауық бизнесі республикалық бюджеттің артуына өзіндік дәрежеде әсер ете алады.


### Кесте 3

Қазақстандағы туризмнің ойын-сауық бағыттарының кейбір түрлері бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі, млн.теңге

Туризмнің ойын-сауық-бағыттары	2009	2010	2012	2013	2014	2015	Ауытқу, 2015-2009
							млн.тг (+;-)
Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызметтер	11 844,7	14 558,5	20371,4	15329,2	21 067,9	29262,9	+ 17418,2 (1,5 есе)
Кітапханалар, мұрағаттар, мұражайлар және өзге де мәдени мекемелердің қызметтері	15 753,2	18 512,3	25927,3	22536,0	22 561,8	29546,2	+ 13793,0 (0,9 есе)
Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызметтер	3 058,7	9 274,0	15676,8	16341,3	19 459,5	24551,8	+ 21493,1 (7,1 есе)
Спорт қызметтері және демалысты ұйымдастыру бойынша қызметтер	45 953,4	55 547,8	84465,0	75494,0	90 814,5	118720,9	+ 72767,5 (1,6 есе)

Қазақстандағы заңгер мамандардың зерттеулерін ескерсек, ойынхана жеке адамның бизнесі болғандықтан кәсіпкерлік табыс алу мақсатында заң талаптары толық орындалмайтындығы анықталған. Мысалы, 2014 жылы Алматыдағы ойынханаларды тексеру барасында 102 ойын залы бар 11 ойынхананың заңсыз жұмысы анықталған. 1 ойын үстелінен шамамен жылына 45 млн. теңге табыс түседі.

Қазақстандағы ойынханаларды Бурабай мен Қапшағайға көшіруге байланысқы Астана және Аламты қалаларындағы ойын автоматтары залы; букмекер кеңселер; тотализатордың саны артқан. Ойынқұмарлардың бір бөлігі Бурабай мен Қапшағай қалаларындағы ойынханаларға бармай-ақ, шетелдің интернет казиноларына мол қаржыларын салуда. Бұл жағдай мол қаржылардың электронды жүйе арқылы шетелге кетуіне алып келеді. Сондықтан ойын автоматтары залы; букмекер кеңселер; тотализатордың қызметін қатаң бақылауға алған дұрыс.



Сурет -2 ЖІӨ-гі туризм саласы бағыттарының үлесі, қорытындыға %-бен.

2-суретте туризмнің: өнер, ойын-сауық және демалыс және тұру, тамақтану бағыттары бойынша ЖІӨ-гі үлесі көрсетілген. Осы екі бағыт бойынша өнер, ойын-сауық және демалыс қызметтерінің тұру және тамақтану қызметтеріне қарағанда тұрақты өсімнің бар екендігін көруге болады. Демек, туризм саласының ішіндегі өнер, ойын-сауық және демалыс қызметтеріне сұраныс болашақ кезеңдерде де артады деп есептейміз. Ол бағыт туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттері мен іске асыру тетіктерін айқындайды және туризм инфрақұрылымын дамытуды, осы саланы мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін құрудың, туристік әлеуетті арттырудың, елдің тартымды туристік имиджін, рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастырудың негізгі аспектілерін қамтиды.

Қазақстан Республикасының теңдесі жоқ табиғи және мәдени әлеуетіне негізделген қазіргі заманғы туристік индустрия туризмнің туристік қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы жүйесіне оралымды кірігуінің табиғи жүйе жасаушы факторы, неғұрлым серпінді дамушы және өзінің капитал сыйымдылығына қарамастан, салынған капиталға қайтарымы жөнінен тиімді салалардың бірі болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. 2015 жылдың 20 мамырындағы Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» жоспары [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: [http://bnews.kz/100\\_konkretnih\\_shagov/astana](http://bnews.kz/100_konkretnih_shagov/astana)
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Ойын бизнесі туралы» № 219 Заңы (24.04.2015 № 310-V өзгертулер негізінде)
3. Ердавлетов С.Р. География туризма: История, теория, методы, практика. - Алматы, 2000.- 336с.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.stat.gov.kz>.
5. Алаш айнасы. -2014жыл, 15-қараша. <http://alashainasy.kz/economica/ouyin-biznesn>

## **ВОЗМОЖНОСТИ РАСШИРЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОГО РЫНКА ТУРИСТСКИХ УСЛУГ**

***Турысбекова Г.К., Агыбетова Р.Е.***

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
г. Астана, Республика Казахстан  
e-mail: [gulzhan.72@mail.ru](mailto:gulzhan.72@mail.ru)

Расширение туристических услуг в Казахстане, являющихся одним из направлений в развитии национальной экономики, сопровождается рядом нерешенных проблем, требующих изучения и более детального анализа их конкурентных преимуществ.

Большое значение имеет создание системы новых подходов государственного регулирования в туризме, отвечающих изменяющимся социально-экономическим условиям, совершенствование нормативной и правовой базы развития туризма и механизма государственного регулирования в этой сфере, а также реализация мер на государственном уровне по развитию туристской отрасли и превращению ее в высокодоходный сектор экономики.

В последние годы предприняты кардинальные меры по формированию эффективной индустрии туризма Республики Казахстан. Целями реформирования туристской отрасли являются: превращение туризма в доходную отрасль экономики путем создания высокорентабельной индустрии туризма, способной производить и реализовывать качественный, конкурентоспособный туристский продукт для международного туристского рынка; развитие туристской инфраструктуры; сохранение и рациональное использование